- Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;
- Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелері мен Төрағасын сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
- Қоғамға аудит жасайтын аудиторлық ұйымды анықтау;
- Жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;
- Жарғының 7.5-тармағында көрсетілген жағдайлар туған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау.
- Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;
- Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекіткен болса, әдістемені бекіту);
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну тәртібін айқындау;
- «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- қоғамның ірі мәмілелер жасасуы және жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;
- шешім қабылдау осы заң актілерімен акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

***Директорлар кеңесінің қалтқысыз жарамдылығына келесі сұрақтар кіреді:***

- Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- Қоғам акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

- Қоғамның акцияларын орналастыру және олардың жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылу бағасы туралы шешім қабылдау;
- қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- Басқарма Төрағасының және атқарушы орган мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерлерін және еңбекке ақы төлеу мен сыйақы тағайындау шарттарын белгілеу;
- Аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша қызметіне төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына аукциондарды және жазылуды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан астам пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- Қоғаммен құрылған жарналық инвестициялық қорларды құру қызметін жүргізу және тоқтатуға қатысты шешімдерді қабылдау;
- Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

***Басқармасының кеңесінің қалтқысыз жарамдылығына келесі сұрақтар кіреді:***

- Басқарма осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заң актілерімен Қоғамның басқа органдарының және Қоғамның лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- Қоғам егер мәмілені жасау сәтені тараптар мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам белгілеген шектеулерді оның Басқармасы бұза отырып жасаған мәмілелерінің жарамдылығын дауласуға құқылы.
- Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған адам мен қоғам арасында жасалатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Жалпы жиналыс уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына оның Төрағасы қол қояды.

**Басқарма төрағасы:**

- акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

- Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;
- акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

***Ішкі аудитінің қызметінің қалтқысыз жарамдылығына келесі сұрақтар кіреді:***

- жарты жылда кем дегенде бір рет Компания бөлімшелерінде және жеке қызметкерлер арасында жоспарлы және жоспардан тыс ішкі аудиторлық тексерістер жүргізу. Сонымен қатар ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқару жүйелерін жақсарту мақсатында операцияларды атқару кезінде анықталған бұзылулардың есебін жүргізу және бақылау.
- функциялары қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді қарастыратын Компания бөлімшелерінде тұрақты ішкі тексерулер өткізу;
- Компания бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Компания қызметін реттейтін мемлекеттік органдардың ескертулерін, Компанияның ішкі бұйрықтарын және жарлықтарын орындауын бақылау;
- әрбір тексеріс дерегін құжаттауды қамтамасыз ету және тексеріс нәтижелері бойынша барлық кемшіліктер мен бұзылуларды баяндайтын есептерді рәсімдеу;
- ішкі аудит жүргізу барысында алынған және құралған құжаттардың сақтығын қамтамасыз ету;
- Директорлар кеңесі мен Компания басшылығының назарына Компанияның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, жеке қызметкерлерінің қызметіндегі барлық анықталған кемшіліктер мен бұзылулар туралы мәліметтерді жеткізу;
- өз өкілеттіктерін атқару барысында оған мәлім болған Компанияның құпия ақпараттар тізбесіне енгізілген мәліметтерге қатысты құпиялылықты сақтау;
- Компания басшылығына құрылымдық бөлімшелердің қызметінде анықталған кемшіліктер мен бұзылуларды жою бойынша, сонымен қатар Компания қызметін жақсарту және тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және нақты шаралар тізбесін көрсету;
- Компания басшылығына өзінің функционалдық міндеттерін бұзған Компания жұмыскерлерін өз міндеттерін орындаудан босату не болмаса сәйкесінше негіздер болған жағдайда Компанияның кейбір операцияларын шектеу немесе тоқтату қажеттілігі туралы хабарлау;
- есеп пен есептілік шынайылығы, Қорда ішкі бақылау мен аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша сыртқы аудиторлармен, мемлекеттік реттеу және қадағалау органдарымен өзара қарым-қатынас орнату;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінде ішкі немесе сыртқы аудитормен анықталған кемшіліктерді талқылау үшін жылына кем дегенде бір рет ортақ кездесулер өткізу;
- жаңа қаржы қызметтерін енгізген жағдайда Компания қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтаумен байланысты Компанияда қосымша елеулі тәуекелдердің туындау мүмкіндігін бағалау;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің Компанияның ішкі ережелерін және процедураларын сақтауын, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстарын орындауын, уәкілетті органның ықпал ету шараларын және басқа талаптарын орындауын бақылау;
- Компанияның бухгалтерлік есебі және ішкі бақылау мәселелері бойынша шағымдарды қабылдау және қарау тәртібін жүргізу, Компания жұмыскерлеріне құпия негізде аталмыш мәселелер бойынша өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік беру;
- Компанияның басқарушы жұмыскерлерінің Компания қызметін басқару бойынша өкілеттіктерін және функцияларын дұрыс атқаруын, сонымен қатар жүргізілетін операциялардың Компаниямен бекітілген корпоративтік стратегияға, саясатқа және процедураларға сәйкестігін тексеру;
- клиенттер активтерінің есебінен жасалатын операцияларға тұрақты ішкі тексерістер өткізу, мәмілелердің дұрыс жасалуын тексеру;
- банк-кастодианмен тұрақты түрде салыстыра тексеру жұмыстарының атқарылуын бақылау;
- Компания активтерін есепке алу мен бағалаудың сәйкестігін қамтамасыз ету;
- сыртқы аудитормен бірлікте бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізуге жауап беретін Компания бөлімшелерімен тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшеге ұсынылатын мәліметтердің дәлдігін тексеру;
- бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізуге жауап беретін бөлімшелерді тексеру кезінде келесі мәселелердің бақылануын қамтамасыз ету:
  - күн сайынғы баланстардың дұрыс өңделуін;
  - Компанияның есеп саясатының халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкестігін;

- қаржы есептілігінде негізсіз бухгалтерлік айла-амал деректерінің болуын;
  - Компания активтерін есепке алу дұрыстығын;
  - есепке алу және есептілікті құрастыру әдістерінің Компанияның есеп саясатында белгіленген талаптарға сәйкестігін;
  - Компанияның жылдық есепте тәуекел құрылымы мен мөлшерін толық және дұрыс ашуын;
  - жүргізілген тексерістердің нәтижесі бойынша Компания қызметкерлерінің Компания қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық стандарттарды, Қазақстан Республикасының заңнамасын білу деңгейін анықтау;
  - Компанияның Директорлар кеңесімен бекітілген жоспарға сәйкес ішкі тексерістер өткізу.»
9. Проспекттің 13-тармағы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«13. Эмитенттің (бақылаушы кеңестің) Директорлар кеңесінің мүшелері**

№	Тегі, Аты, Жөні, туылған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кездегі қызметтері, хронологиялық тәртіпте, оның ішінде қосымша атқарған қызметтері	Эмитенттің жарғылық капиталға (акциясы/үлесі) қатысуы және оның екінші дәрежелі немесе басқа ұйымдардағы қатысу үлесінің көрсетілуі
1	Ниязов Бахт Булатович 1973 ж.т.	<b>10.2003 ж. – қазіргі уақыт</b> «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы <b>08. 2007 ж.- қазіргі уақыт</b> «Bosfor» ТИАИҚ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы	46,72 %
2	Азымханов Данияр Халидович 1979 ж.т.	<b>03.2008 ж. – қазіргі уақыт</b> «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі <b>08.2007 ж. – қазіргі уақыт</b> «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы <b>08.2007 ж. – қазіргі уақыт</b> «Grand Capital» ТИАИҚ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы <b>05.2007 ж. – қазіргі уақыт</b> «REAL-INVEST RFCA» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы <b>12.2003 ж. – қазіргі уақыт</b> «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Басқарма төрағасы	3,28 %
3	Нуракинов Нурканат Нурсеитович 1969 ж.т.	<b>03.2008 ж. – қазіргі уақыт</b> «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор <b>02.2007 ж. – қазіргі уақыт</b> Жобаларды дамыту департаментінің директоры, «Қазақалтын» КМК» АҚ Президентінің кеңесшісі <b>10.2006 ж. – 02. 2007 ж.</b> «НТС Казахстан» ЖШС экономика мәселелері жөніндегі	Жоқ

		кеңесшісі <b>02.2005 ж. – 09. 2006 ж.</b> Басқарма төрағасы, «Данабанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	
4	Перекольский Олег Эдуардович 1971 ж.т.	<b>03.2008 ж. – қазіргі уақыт</b> «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор <b>03.2002 – қазіргі уақыт</b> «Қазақалтын» КМК» АҚ қаржы директоры	Жоқ

2005 жылғы 01 қарашадан 2006 жылғы 01 қазанға дейінгі Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы:

4. Ниязов Бахт Булатович – Директорлар кеңесінің төрағасы;
5. Местоев Дауд Магомедович – Директорлар кеңесінің мүшесі;
6. Азымханов Данияр Халидович – Директорлар кеңесінің мүшесі.

**Өзгеріс себебі:** «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ жалғыз акционерінің Директорлар кеңесінің мүшесі Калинин Д.Г. өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Местоев Д.М. директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы шешім қабылдауы.

2006 жылғы 01 қазаннан 2008 жылғы 14 мамырға дейінгі Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы:

4. Ниязов Бахт Булатович – Директорлар кеңесінің төрағасы;
5. Местоев Дауд Магомедович – Директорлар кеңесінің мүшесі;
6. Садыков Марат Абунасырович – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

**Өзгеріс себебі:** «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының Директорлар кеңесінің мүшесі Азымханов Д.Х. өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Садыков М.А. директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор етіп сайлау туралы шешім қабылдауы.

2008 жылғы 14 наурыздан қазіргі уақытқа дейінгі Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы:

5. Ниязов Бахт Булатович – Директорлар кеңесінің төрағасы;
6. Азымханов Данияр Халидович – Директорлар кеңесінің мүшесі;
7. Перекольский Олег Эдуардович – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
8. Нуракинов Нурканат Нурсеитович – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор.

**Өзгеріс себебі:** «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ акционерлерінің 2008 жылғы 14 наурыздағы кезектен тыс жалпы жиналысының Директорлар кеңесінің мүшесі Местоев Дауд Магомедовичтың және Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Садыков Марат Абунасыровичтің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Азымханов Данияр Халидовичті директорлар кеңесінің мүшесі, Перекольский Олег Эдуардович пен Нуракинов Нурканат Нурсеитовичті директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар етіп сайлау туралы шешім қабылдауы.»

10. Проспекттің 14-тармағы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«14. Эмитенттің орындаушы органы»**

№	Тегі, Аты, Жөні, туылған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кездегі қызметтері, хронологиялық тәртіпте, оның ішінде қосымша атқарған қызметтері	Эмитенттің төленген жарғылық капиталға қатысуы және ұйымдардағы қатысу үлесі көрсетілген
1	Азымханов Данияр	<b>03.2008 ж. – қазіргі уақыт</b>	3,28 %



	Халидович 1979 ж.т.	<p>«Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі  <b>08.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;  <b>08.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «Grand Capital» ТИАИҚ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;  <b>05.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL-INVEST RFCA» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;  <b>12.2003 ж. – қазіргі уақыт</b>  «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ басқарма төрағасы  <b>12.2003 ж. – қазіргі уақыт</b>  «Финансовая компания «REAL-INVEST.kz» АҚ басқарма төрағасы</p>	
2	Васильева Елена Ивановна 1966 ж.т.	<p><b>06.2008 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ Басқарма мүшесі  <b>04.2008 ж. – қазіргі уақыт</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары  <b>06.2007 ж. - 03.2008 ж.</b>  "Сеть супермаркетов 7'Я" АҚ Басқарушы директоры  <b>10 2005 ж. - 11. 2006 ж.</b>  "Resmi Group ltd" ЖШС Бюджетті бақылау басқармасының менеджері  <b>09.2005 ж. - 10.2005 ж.</b>  "Premier Страхование" АҚ қаржы директоры  <b>07.2005 ж. - 09.2005ж.</b>  "Premier Страхование" АҚ Бас бухгалтері  <b>07.2004 ж. - 07.2005 ж.</b>  "Resmi Group ltd" ЖШС Орталық бухгалтерия департаменті басқарушысының орынбасары  <b>12.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары, Бас бухгалтері  <b>.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ Бас бухгалтері  <b>.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL-INVEST RFCA» АҚ Бас бухгалтері  <b>03.2007 ж. - 12.2007 ж.</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ Бас бухгалтері  <b>12.2006 ж. - 03.2007 ж.</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ бухгалтері</p>	Жоқ
3	Бакиева Дина Бактжановна 1978 ж.т.	<p><b>12.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары, Бас бухгалтері  <b>.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ Бас бухгалтері  <b>.2007 ж. – қазіргі уақыт</b>  «REAL-INVEST RFCA» АҚ Бас бухгалтері  <b>03.2007 ж. - 12.2007 ж.</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ Бас бухгалтері  <b>12.2006 ж. - 03.2007 ж.</b>  «ФК «REAL-INVEST.kz» АҚ бухгалтері</p>	Жоқ

	<p><b>03.2006 ж. - 12.2006 ж.</b></p> <p>«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ бухгалтерлік есеп және есеп беру әдістемесі секторының меңгерушісі</p> <p>Қосарлас қызметі: «Medical Assistance Group» ЖШС Бас бухгалтері</p> <p><b>04.2005 ж. - 02.2006 ж.</b></p> <p>«БТА Страхование» АҚ аға бухгалтері</p>	
--	---	--

»

11. Проспектің 17-тармағының 1) тармақшасы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілеттіліктері**

№ р/н	Бөлімшенің атауы
16.	Басқарма
17.	Бухгалтерия
18.	Трейдинг басқармасы
19.	Бэк-офис
20.	Активтерді басқару департаменті
21.	Инвестиялық банкинг департаменті
22.	Банктік операциялар басқармасы
23.	Корпоративтік қаржы басқармасы
24.	Маркетинг, жарнама және PR басқармасы
25.	Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы
26.	Мидл-офис
27.	Қызметкерлерді басқару бөлімі
28.	Ақпараттық технологиялар бөлімі
29.	Казначейлік басқармасы
30.	Шаруашылық басқармасы
16.	Тәуекелдерді басқару қызметі
17.	Ішкі аудит қызметі

Астана қ. өкілдік, орналасқан жері: Астана қ., Самал – 12, бизнес-центр Астана Тауэрс, 3 этаж. Басқарушы Мухамеджанов Марлен Манапович, 1970 жылы туылған.»

12. Проспектің 17-тармағының 3) тармақшасы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері туралы мәліметтер**

№ п/п	Бөлімшенің атауы	Бөлімше басшысының аты-жөні	Туған жылы
1	Басқарма төрағасы	Азымханов Данияр Халидович	1979
2	Басқарма төрағасының орынбасары	Васильева Елена Ивановна	1966
3	Басқарма төрағасының орынбасары	Бакиева Дина Бактжановна	1978
4	Бас бухгалтер	Бакиева Дина Бактжановна	1978
5	Трейдинг басқармасының басшысы - Брокер-дилерлік қызмет мәселелері жөніндегі басқарушы директор	Дон Сергей Лазаревич	1982
6	Бэк-офис басшысы	Бакирова Зарина Алимовна	1981
7	Активтерді басқару департаментінің директоры - Активтерді басқару мәселелері жөніндегі басқарушы директор	Вакансия	

8	Инвестициялық банкинг департаментінің директоры	Вакансия	
9	Банктік операциялар басқармасының басшысы	Мушрапилова Оксана Вячеславовна	1977
10	Корпоративтік қаржы басқармасының басшысы	Вакансия	
11	Маркетинг, жарнама және PR басқармасының басшысы – Маркетинг жөніндегі басқарушы директор	Шармар Марина Валериевна	1979
12	Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы – Заң мәселелері жөніндегі басқарушы директор	Максимова Наталья Юрьевна	1958
13	Мидл-офис басшысы	Вакансия	
14	Қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы	Ирмуратова Элла Амановна	1972
15	Ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы	Дорофеев Денис Григорьевич	1976
16	Казначейлік басқармасының басшысы	Вакансия	
17	Шаруашылық басқармасының басшысы	Гарайханов Иван Александрович	1986
18	Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы	Вакансия	
19	Ішкі аудит қызметінің басшысы	Бакирова Зарина Алимовна	1981

»

13. Проспекттің 18-тармағының 1) тармақшасы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«1) Эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан да көп пайызына ие акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат (заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері немесе жеке тұлғаның аты-жөні, болса, әкесінің аты)**

Ірі акционерлердің жалпы саны: 2 (екі) құрылтайшылар.

Жөні, Аты, Тегі, туған жылы	Орналасу орны	Құрылтайшы алдын ала төлеген акциялар саны және түрі, қоғамның орналастырылған акцияларының он және одан көп пайызына ие акционерлерге тиесілі дауыс беретін акциялардың пайыздық ара қатынасы
Ниязов Бахт Булатович, 1973 жылы туылған	Алматы қ., Тайманов к-сі, 43	444 751 799 дана жай акциялар  46,72 %
Рахманкулов Румиль Галипджанович	Алматы облыс, Қарасай ауданы, Каменка п., 139 Подгорная к-сі	476 000 001 дана жай акциялар  50 %

14. Проспекттің 19-тармағы өзгертіліп, келесі редакцияда берілсін:

**«19. Эмитент он немесе одан көп акцияларына (үлесіне) ие болатын заңды тұлғалары туралы, заңды тұлғаның толық атауы, оның мекен жайы көрсетілген мәліметтер, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің акциялық (үлестік) пайыздық сәйкестігі, қызмет түрі, бірінші жетекшісінің аты, жөні бар болса тегі көрсетіледі.**

Атауы	Мем.тіркеу туралы куәлік, орналасқан жері	ЖК үлесі, акциялар саны	Қызмет түрі	Бірінші басшысының аты-жөні
«REAL INVEST RFCA» АҚ	№18-1910-РФЦА-АҚ, 05.02.2007,	100 % 54 600 000	Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы	Дон Сергей Лазаревич

	050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал 2 ықш. ауд., 104- үй, 5-қабат	штук	қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызмет, кеңес беру, ақпараттық, талдау қызметтерін көрсету, халықаралық қаржы рыноктарындағы қызмет	Басқарма төрағасы
«REAL ASSET MANAGEMENT» АҚ	№ 86139-1910- АҚ, 05.06.2007, 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал 2 ықш. ауд., 104- үй, 5-қабат	100 % 54 600 000 штук	Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет, кеңес беру, ақпараттық, талдау қызметтерін көрсету, халықаралық қаржы рыноктарындағы қызмет	Тастығараева Рину Амангелдыевна Басқарма төрайымы
«Микрокредитная организация «REAL- CREDIT.kz» ЖШС	№ 92041-1910- ЖШС, 04.05.2008 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал 2 ықш. ауд., 104- үй, 5-қабат	24% 480 000 тенге	Микрокредиттер беру, заемдер, гранттар тарту, уақытша бос активтерді бағалы қағаздарға, банктердің депозиттеріне орналастыру, кепіл мүлікпен басқа да мәмілелер жасау, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына, өз мүлкін таратуға, өз мүлкін жалға беруге қатысу, лизингтік қызмет атқару	Ерсейтов Елдос Рақыжанович Директор

»

Басқарма төрағасының орынбасары

*Васильева Е.И.* Васильева Е.И.

Бас бухгалтер

*Бакиева Д.Б.* Бакиева Д.Б.

Ішкі аудит қызметі бастығы

*Бакирова З.А.* Бакирова З.А.



М.О.


Прошито, пронумеровано на \_\_\_\_\_ листах  
Скреплено печатью общества.

Заместитель Председателя Правления  
АО «ФК «REAL-INVEST.KZ»

*Васильева Е. И.*  
Васильева Е. И.

Главный бухгалтер  
АО «ФК «REAL INVEST.KZ»

*Бакиева Д.Б.*  
Бакиева Д.Б.



№	Содержание	Сумма	Дата
1	...	...	...
2	...	...	...
3	...	...	...
4	...	...	...
5	...	...	...